



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

## • БАЙҚАУ «Мұрагердің» даңқы мұхит асты «Үшінші қазандықтың» тарихи мәртебесі

### «Мұрагердің» даңқы мұхит асты

Қарағандыдағы мамандандырылған «Мұрагер» лицей-интернатының оқушыларынан құралған екі команда Хьюстон қаласында (АҚШ) өтетін FIRST Championship 2025 – әлемдік робототехника чемпионатына аттанды.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқушылардың бұл мүмкіндікке Алматыда өткен Almaty Tech Cup – 2025 халықаралық чемпионатында жеңіске жету арқылы ие болған. Аталған доғаға Қазақстан мен қатар Қырғызстан, Түркия, Үндістан, Түрікменстан және Өзбекстаннан келген 3000-нан астам жасөспірім қатысты.

«JeToqSun» командасы FIRST Tech Challenge аясында жоғары жас санатында ел намысын қорғаса, «RassLexx» командасы – FIRST LEGO League Challenge орта санатында жеңімпаз атанып, әлемдік кезеңге жолдама алды.

Биылғы чемпионат су ресурстарының ғаламдық мәселелері мен суасты әлемін қорғауға бағытталады. Қарағандылық оқушылар эхожүйені сақтау, суды тазарту және мониторинг жүргізу бойынша өз жобаларын ұсынады. Жас өнертапқыштарға шабыт және жеңіс тілейміз.

Биыл Қарағанды қаласына «1941-1945 жылдардағы Еңбек даңқы қаласы» мәртебесі ресми түрде берілетін болды. Бұл шешім ТМД елдері Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде қабылданып, Жеңістің 80 жылдығына орайластырылып отыр. Мұндай марапат Астана мен Алматы қалаларына да тағайындалды.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіз мемлекеттер достастығының Бас хатшысы Сергей Лебедев күн тәртібінде бірнеше құжаттың қаралғандығын жеткізді. Олардың ішінде Жеңіске үлес қосқан қалаларға «Еңбек даңқы қаласы» мәртебесін беру мәселесі бар.

– Қазақстандықтар жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Тылда да қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Біздің елден майданға 1 млн 200 мың жауынгер аттанды. Майданға 5 млн тоннадан астам нан, 800 мың тонна ет жөнелтілді. Сонымен қатар 10 октың 9-ы біздің елден шыққан қорғасыннан құйылды. Бұл – біздің ортақ жеңіске қосқан үлесіміз, – деді Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қарағанды КСРО-ның ауыр өнеркәсіп өнімдерінің төрттен бірін берді. Аймаққа фашизм шенгелінде қалған аумақтардан көптеген ірі кәсіпорындар эвакуацияланды.



Коллажы жасаған Шынар Алабасқова

Соғыс жылдарында Қарағанды еліміздің негізгі көмір базаларының біріне айналды. Ірі өндірістік орталық ретінде майданды көмір-

мен және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етті. Қарағанды шахталарынан шыққан көмір вагондары тоқтаусыз жөнелтіліп отырды.

Соғыс жылдарында Қарағанды көмір бассейнінде көмір өндіру көлемі екі есеге дейін артты. Шахтерлер күн-түн демей, 12-14



сағаттық ауыр еңбекпен айналысты. Атақты шахтер Мұстафа Айтқұлов екі есе норма орындау қозғалысын бастап, оны мыңдаған жұмысшы қолдады.

«Қарағанды жер астында соғысты», – деген тіркес сол жылдардағы шынайы шындықтың көрінісі еді. Бұл қала тылдағы ең маңызды тіректердің бірі болды. 1984 жылы Қарағанды қаласы социалистік құрылыстағы жетістіктері мен Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған болатын.

Қарағандыға «1941-1945 жылдардағы Еңбек даңқы қаласы» мәртебесінің берілуі – қарағандылықтардың соғыстағы жанқияр еңбегінің мойындалуы.

Мәртебе беру рәсімі 9 мамыр – Жеңіс күні қарсаңында өткізілмек.

«1941-1945 жылдардағы Еңбек даңқы қаласы» мәртебесі – соғыс кезінде майдан мен тылды қамтамасыз етуге айрықша үлес қосқан бұрынғы КСРО қалаларына көрсетілген құрмет. Бұл бастаманы ТМД Гуманитарлық ынтымақтастық қоры көтерген.

Бүгінде Қарағанды облысында сегіз ҰОС ардагері мен 2634 тыл еңбеккері тұратынын айту керек.

### • ТАҒЫМ

## Ғасыр ғұламасына құрмет

Қарағанды ғалымдары «Ғылым күнінде» Қазақ КСР Ғылым академиясының академик және тұңғыш Президенті Қаныш Сәтбаевтың туғанына 126 жыл толуына орай ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараға облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов арнайы қатысып, жылы лебізін білдірді.

– Қазақ ғылымының бастауында тұрған Қазақ ғылым академиясының негізін қалаған ұлт перзенті Қаныш Сәтбаев қиын қыстау күндердің өзінде қазақ ғылымының негізін қалады. Мемлекет құруда жұлдызды із қалдырған тұлғаның жақсы қасиеттерін кейінгі ұрпақтың бойына сіңіру – міндет. Ғылым қызметкерлері күні – әлемге әйгілі ғалым Қаныш Имантайұлының туған күніне орайластырылғаны белгілі.

Ғалымның ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде еліміз геология саласында және ел экономикасының тау-кен металлургия секторында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Ұрпаққа мол мұра қалдырған қазақтан шыққан тұңғыш инженер-геологқа арналған шаралар алдағы уақытта да жалғасады, – деп атап өтті Нұрлан Бикенов.



Коллажы жасаған Шынар Алабасқова

Сондай-ақ, шараға билік өкілдері, ғалымдар, оқытушылар, студенттер мен қала тұрғындары қатысты. Жиналғандар Қаныш Имантайұлын бір минут үнсіздікпен еске алып, ғылыми қоғамдастық өкілдері мен ғалымның туыстары құттықтау сөз сөйледі.

– Ғылым қашан да ұрпақ алдындағы жауапкершілікке шақырады. Ғалымның баға жетпес мұрасын насихаттау – бүгінгі ұрпақтың парызы. Әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі, отансүйгіштігі және өз халқына жанқиярлықпен қызмет етуі жастар үшін өшпес үлгі.

Әр халықта мемлекеттің дамуына орасан зор үлес қосқан тарихи тұлғалар бар. Әрине қоғамға танылу иерархиясында айрықша орын алған көшбасшылар ерекше дараланып тұрады. Ғалым, академик, Қаныш Имантайұлы – бірегей тұлға. Еліміздегі ірі пайдалы қазбалар кен орындарын ашып қана қоймай, оларды өндіру және қайта өңдеуге өндірістік база құруға үлес қосты, – деді тарих ғылымдарының кандидаты Нұрсаяхан Ахметқызы.

Ұйымдастырушылар ғалымның қазақстандық ғылым мен өнеркәсіпті дамытуға қосқан үлесіне тоқталды. Оның ғылыми мұрасы зерттеушілердің жас буынына серпін.

### • ДЕНСАУЛЫҚ

## Ерте анықталған дерт асқынбайды

Елдегі денсаулық сақтаудың бастапқы буыны ұйымдарының базасында өмірдің алғашқы айларынан бастап, даму қауіптері мен бұзылулары бар балаларды кешенді қолдауға бағытталған ерте араласу моделі енгізілуде. Бұл шара Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда айтқан тапсырмаларына сәйкес қолға алынууда.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтау министрлігінде хабарлағандай, бұл жай ғана жаңа бастама емес, бұл – балаларға медициналық көмек көрсету тәсілін өзгертетін стратегиялық бағыт. Жаңа жүйе қосымша жұмыспен жүктелмейді, керісінше, ұйымдастырушылық процестерді, скринингтер мен патронаждық қызметті жақсарту жоспарланған. Мұның бәрі әр баланың жас кезінен бастап, өмір сүру сапасын арттыру үшін жасалады.

Бүгінде Қазақстанда 3 жасқа дейінгі 1,6 млн-ға жуық бала тұрады. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегі бойынша, олардың 7,7%-ының денсаулығында проблемалары бар, 3%-ы бақылауда. Халықаралық деректерге сәйкес 4 жасқа дейінгі балалардың 8,4%-ында дамулық кешігуі бар. Осы жас санатындағы мүгедектігі бар балалардың үлесі әлемде 4,3%-ды құрайды.

Ерте араласу моделі «диагностқа дейін, мүгедектікке дейін» қағидатына негізделді. Басқаша айтқанда, ресми диагноз қойылғанға дейін даму қаупін уақытты анықтауды көздейді. Бұл тәсіл бұзылулықтардың айқын көріністерін күтуге емес, отбасы мен баланы барынша ертерек қолдай отырып, алдын ала әрекет етуге мүмкіндік береді. Әр баланың денсаулығын жалпы практика дәрігерлерінен, педиатрлардан, психологтардан, әлеуметтік қызметкерлерден және басқа мамандардан тұратын мультидисциплиналық команда қарайды.

ORTALYQ  
QAZAQSTAN

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай 10 447,44 тт
Жеке жазылушылар	6 айға 3 386,60 тт
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға 5 882,60 тт
Жеке жазылушылар	6 айға 3 074,60 тт

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85,  
8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:  
Ермеков көшесі, 33 үй,  
8-қабат



• ҚҰҚЫҚ

Алаяқтың аяласы әшкере болды

Қарағандыда 23 миллион теңге тұратын екі жаңа автокөлікті заңсыз иемденген алаяқ ұсталды.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Анығында, облыс орталығындағы микроқаржылық ұйым ірі көлемдегі алаяқтың құрбаны болған. Ұйым өкілдері құқық қорғау органдарына жүгініп, қылмыстық әрекет жөнінде мәлімдеді.

Белгілі болғандай, 25 жастағы жергілікті тұрғын жалған құжаттарды шеберлікпен қолдан жасап, екі бірдей автокөлікті сатып алуға ірі мөлшерде несие рәсімдеген. Жалпы құны 23 миллион теңгені құрайтын екі жаңа кроссовер күдіктінің қолына заңсыз өткен. Несие бойынша төлемдер мүлде жүргізілмеген, ал, байланыс құралдары ажыратылып, алаяқ құқық қорғау органдарынан жасырынып келген.

Жедел-іздістіру шараларының нәтижесінде Қарағанды облысының полицейлері күдіктінің ізіне түсіп, оны ұстады. Қазіргі таңда күдіктіге қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің тиісті бабы бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде.

Заттай айғақтар тәркіленіп, арнайы айыптуратқа койылды. Күдікті өз әрекеттері үшін заң алдында жауап беретін болады.



Электрондық пошта: ortalayk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

«Спорт кластері»: баламасы жоқ бірегей жоба

Әр адамның өмірінде спорттың алатын орны орасан зор. Яғни, спортпен шұғылданған адамның денсаулығы мықты әрі шымыр болатыны сөзсіз. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың салауатты да сау болуы үшін бұқаралық спортқа жіті көңіл бөліп, спорт саласын реформалау әрі кешенді түрде дамытуды жиі тілге тиек етеді. «Қазақстан спорт державасы болуы тиіс. Сол үшін біз маңызды спорт нысандарын салып жатырмыз», – деп нақты міндет қойды.

Спорт саласын дамыту әрі оңтайландырудың тиімді тәсілі спорт кластерін құру екенін спорт сүйер қауым жақсы түсінеді. Осы жүйе кенді аймақта қолға алынбақ, «Спорт кластері» жобасын іске асыру бағытындағы бірегей жоба қолға алынып, жұмыс қарқынды жүруде.



– Аталмыш жобаның жоспары бекітілді. Бүгінде спорт кластері нысандарын жобалау үшін техникалық шарттарды алу жұмыстары жүргізілуде. Қазыбек би ауданына қарасты 134 септік орамнан 70,8 га жер облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен қала әкімдігінің қаулысымен бекітілді. Жоба бойынша алдағы уақытта аталмыш аумақта әмбебап мұз және спорт аренасы, жеңіл атлетика манежі сонымен қатар, Ә.Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі құрылысын қамтитын «Спорт кластері» бой көтермек, – дейді спорт ғимаратының құрылысы бойынша бас маман Елназар Қасенов.

Жыл сайын спорт саласын дамытуға мемлекеттен қомақты қаржы бөлініп, қолдау көрсетуде. «Спорттық инфрақұрылым қарқынды дамып келеді. Алты жыл ішінде өңірлерде 314 дене шынықтыру-сауықтыру кешені және 58 бассейндер салынды. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны 40-қа, яғни 481-ден 521-ге дейін ұлғайтылды. Нәтижесінде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылданатын азаматтардың үлесі 31,5%-дан 41,4%-ға немесе 5,9 миллион адамнан 8,4 миллион адамға дейін өсті» деп нақтылап өтті «Ілгерілеуге бастаған алты жыл: Қазақстан орнықты даму жолында» атты мақаласында ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов. Сондай-ақ, маңызды бар әлеуметтік салалармен бірге спорт саласына қатысты 280-ге жуық жобаны жүзеге асыру үшін 194 млрд теңге арнаулы мемлекеттік қордан аударылғаны да жария болды.

Кейінгі жылдары елімізде бұқаралық спортқа жаппай мән беріліп, көптеген спорттық нысандар салынды. Әсіресе, ауыл-аймақ дене шынықтыру-сауықтыру

кешендері, спорт алаңдары мен әмбебап корттарға қарық болып қалғаны бар. Облыс аумағында да спортты және оған қажетті инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл туралы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев жылдық есебінде, жалпы халықтың 1000 адамға шаққандағы спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 66,6%-ға жеткендігін, дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын адамдардың үлесі 39%-ға жеткендігін тілге тиек ет-



кен болатын. Облыста 1259 спорт ұйымы, 39 спорт мектебі жұмыс істейді.

Аймақтан Олимпиада чемпионы, Азия ойындарының жүлдегерлері, еуропалық, әлемдік деңгейдегі байрақты бәсекелерде еліміздің туын желбіретіп жүрген спортшыларымызбен мақтанамыз. Бұл спорт саласына деген зор қолдау мен еселі еңбек, маңдай тердің жемісі екенін жоққа шығара алмаймыз. Ал, жүзеге асқалы отырған «Спорт кластері» жобасы Қарағанды өңірінің спорттық әле-

уетін арттыратыны сөзсіз.

Шетелдік мамандардың зерттеуі бойынша жалпы әртүрлі салаларды дамытуға кластерлік тәсілдің жоғары тиімділігі анықталған. Яғни заманауи технологияларды біріктіріп, бір жерге шоғырландыра отырып, адамға ыңғайлы жағдай жасау тәсілі, сол сияқты дене шынықтыру және спорт саласын ілгерілету үшін кластер қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Біздің аймақта да жүзеге асқалы отырған жобаның мақсаты – дене шынықтыру және

спорт саласын біріктіре, тиімді тұжырымдамаға негіздей отырып, өзара байланысты, бәсекелес топтарды біріктіру. Сондай-ақ, бұл жоба өзара іс-қимыл ортасын қалыптастырып қана қоймай, ғылыми орталықтардың кәсіптік білім беретін мекемелермен тығыз байланыста болуын қамтамасыз етуді көздейді. Географиялық тұрғыдан тиімді шоғырланған бұл нысандар аймақтағы спорт саласындағы жоғары технологияларды дамытуға негіз болмақ. Нақтырақ айтқанда, қаланың бір шетіндегі жеңіл атлетика манежіне барып, одан кейін келесі бір орындағы спорт кешеніне барып дене қыздырып, үшінші бір аймақта орналасқан бассейнге бару кімге де болсын қиында соғары анық. Ал, спорт кластерін дәл осы оқылықтардың орнын толтырады десе де болады. Яғни, үлкен бір аумақтан шықпай-ақ, көңіліңе жаққан спорт түрімен алма-кезек



ме, 30 және 50 адамға арналған екі мәжіліс залы, билет сататын кассалар, БАҚ-қа арналған бөлмелер, оңалту орталығы, жаттығу және гимнастика залы, сауна орналасады.

9,42 гектарды қамтитын жабық футбол манежінде – футбол алаңы, жуынатын бөлме, әкімшілік орын, 100 орындық жатақхана, жаттығу залы болады.

3,29 гектар болатын әмбебап спорттық арена – 52x21 метрлік бассейн, 5000 орындық әмбебап спорт зал, спорттық батут, шығармашылық гимнастикаға арналған залдарды, бокс залы, спорттық ойын түрлеріне арналған 2 залды, ауыр атлетика, еркін күрес, грек-рим, дзюдо, джиу-житсу, скалодром, фитнес залы мен үстел ойындарына арналған бөлмелерді қамтиды.

2,36 гектар болатын жеңіл атлетика манежінде төмендегі нысандар – 200 метрлік жүгіру жолы, секіру секторы, ядро лақтыру, сергiту зоналары орналасады.

4,09 гектар аумақты алатын мұз айдыны аренасында – 400 метрлік мұз жолы, әрқайсы 1800 шаршы метр болатын 2 хоккей корты, ойын залы, хореография және дайындық залы, төрешілер және баспасөз залы, спортшыларға арналған 13 киім ауыстыру орны болады деп жоспарлануда.

7,33 гектар аумақты қамтитын спорт мектеп-интернат-колледжі салынбақ. 400 орындық ғимарат 500 білім алушыға арналған. 200 орындық тамақтану орны, 500 орындық жабық спорттық-жарыс аренасы, 25 метрлік жабық бассейн, жеңіл атлетика корпусы, бокс, грек-рим, еркін күрес, дзюдо, каратэ, таэквондо, ауыр атлетика залдары болады деп күтілуде.

Ерекше атап өтетіні «Спорт кластері» жобасы мүмкіндігі шектеулі спортшыларды да назардан тыс қалдырмайды. Өз мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, түрлі деңгейдегі жарыстардан жүлделі орылып жүрген жандарға арнап спорт кешенін салуды жоспарға енгізіп қойған. 2,37 гектар аумақты қамтитын кешенде ойын залы, бассейн, таэквондо және дзюдо залы, стол теннисі, шахмат, шашки, тоғызқұмалақ ойындары залы, жаттығу залы, әкімшілік ғимарат, кафетерий және конференц залдар болады деп жоспарлануда.

Аталмыш жобаның басты мақсаты – аймақ халқының спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасау. Сол арқылы, жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын ояту, халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау.

Сағыныш ӘБЛ

Суреттер облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• МӘСЕЛЕНІ МӘНІСІ

Жарықтың жағдайын жел біледі...

Осы аптаның сейсенбісі күні Қарқаралы қаласын қақ жарып ағатын шағын өзен арнасынан асып-тасып, қала тұрғындары мен қонақтарын әбiрге салса, онымен қоса аудан орталығы мен Жананегіз ауылы жоғары кернеулі ток көзінен ажыратылып, қызметі электр қуатына тәуелді мекемелердің жұмысы еріксіз тоқтап қалды. Осы қолайсыздықтардың себеп-салдарларын білу үшін Қарқаралы қаласының әкіміне телефон шалдық.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Тәулік бойы толассыз жауған жаңбырға таудың сай-саласындағы қардың суы қосылып, жайшылықта жылап ағатын бұлағымыз бүрк-сарқ етіп «қайнады». Бірақ, ешбір аулаға су кірген жоқ. Тұрғындар материалдық, басқадай шығыннан дін аман. Электр жарығы туралы айтатын болсақ, қаладағы жоғары кернеулі ток жүйесінің жалпы ұзындығы тоқсан шақырымға жуықтайды. Оның бірсыпырасы жер астымен тартылған, тозығы жеткен желілер. Жаңбыр суы тигенде олардың істен шығатын

кездері бар. Маусым сайын жөнделу жүреді. Сөйтсе де, электр қуатын тарату кәсіпорны бәрін жаңалап үлгермей жатыр, – дейді Асылан Рақымбергәнұлы.

Жазған құлда шарша жоқ. Қарқаралы КРЭК кәсіпорнының басшысына хабарластық.

– 8 сәуірде Қарқаралы қаласында электр жарығы өшті. Мамандар электр желісін аралап, тексеріп, жеке меншіктегі трансформаторларды ағытын, тек КРЭК кәсіпорнына қарасты желілерді қосты. Келесі күні ақау Қарқаралы ауыл шаруашылығы лицейінен табылды. Оны қалпына келтірдік.

Жананегіз ауылының электр



қуатынан ажыратылуына «Жас дәурен» балалар лагеріндегі кабельдің істен шығуы себеп бол-

ды. Қазір электр қуаты аудан көлеміндегі елдімекеннің бәрінде бар. Қалыпты жұмыс істеп тұр.

4 сәуір күнгі қатты дауыл кезінде Қарағайлы кентінде электр жарығы сөнген болатын.

Техника қауіпсіздігі талабы бойынша, желдің жылдамдығы секундына 15 метрден асса, бағанға шығуға тыйым салынады. Автомұнарын пайдалануға да болмайды. Ертеңінде, күн демалыс болғанына қарамастан, сағат 8-ден бастап, бригада жұмыс істеп, түске дейін электр қуатын қосты. Жоғарыда айтылғандардың бәрі ауа райының қолайсыздығынан орын алған жағдайлар, – дейді Нұрлан Байжұманов мырза.

Қазіргі өмірді электр қуатынсыз көзге елестету қиын. Ток берілмесе, кәсіпорындар мен шаруашылықтардағы жұмыс қантарылып, мекемелердегі ұйымдастыру техникалары тоқтап қалады. Қарқаралы КРЭК басшысының сөзінен аңдағанымыз, өңірге электр қуаты тұрақты берілуіне ешкім кепіл бола алмайтын сынайлы. Келешекте жарықтың болар-болмасын жел біледі екен.

